

Бекітілген
«Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша Есіл қалалық №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Ф.О.Молдатина

Келісілген
«Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі» ММ жетекшісі
Н.Р. Полюх

**2023-2024 оқу жылына
«Ақмола облысы білім басқармасының
Есіл ауданы бойынша Есіл қалалық №3
жалпы орта білім беретін мектебі» КММ жанындағы
қазақ тілінде жүргізілетін
мектепалды даярлық сыныбының
оқыту жоспары.**

2023-2024 оқу жылына
«Ақмола облысы білім басқармасының
Есіл ауданы бойынша Есіл қаласының №3
жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
мектепалды даярлық сыныбы жұмысының оқыту жоспарына.
Оқыту қазақ тілінде

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
7	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы		20 сағат

Ескерту:

Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

2023-2024 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының оқу жұмыс жоспарына түсіндірме

2023-2024 оқу жылына арналған «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Есіл қаласының № 3 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыс оқу жоспары мынадай нормативтік-құқықтық құжаттардың негізінде әзірленді:

1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамалары;
3. "Педагог мәртебесі туралы" заң;
4. "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" ҚР Заңы;
5. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 03.08.2022 ж. № 348 бұйрығына (өзгерту енгізілген ҚР Білім Министрінің 2022.09.23 № 406 бұйрығымен);
6. "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012.12.12 № 557 бұйрығы (09.09.2022 ж. № 394 өзгерістерімен және толықтыруларымен);
7. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 12.08.2016 ж. № 499 бұйрығы (14.10.2022 ж. №422 өзгерістермен);
8. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 06.04.2020 ж.№ 130 "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің жүргізуі үшін міндетті құжаттар тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" бұйрығы (17.03.2023 ж. № 68 өзгерістермен).

«Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Есіл қаласының № 3 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-де мектепалды даярлық сыныбында жүзеге асырылады.

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хаттың негізгі ережелері пайдаланылады.

Мектепалды даярлық сыныбында мектеп білімінің алдында тұрған міндеттер мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы арқылы іске асырылады.

Мектепалды даярлық білім беру жүйесінің бастапқы сатысы ретінде мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді, 5 жастағы балалардың зияткерлік және физикалық дамуына жағдай жасайды.

Мектепалды даярлықтың негізгі мақсаты-балалардың мектепте оқуға деген ынтасын және оған эмоционалды дайындығын қалыптастыру.

Балаларды мектепалды даярлаудың негізгі мақсаты оның мүдделерін, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде әрбір баланың әлеуетін тұтас дамыту және ашу; тәрбиеленушілердің құқықтарын қорғау, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту; тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркемдік-эстетикалық,шығармашылық қабілеттерін дамыту; Ана тілі, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Жұмыс оқу жоспарының құрылымы үлгілік оқу жоспарының құрылымына сәйкес келеді.